ЦИФРЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ДІНТАНУЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ЭКСТРЕМИСТІК, ТЕРРОРИСТІК ЖӘНЕ СЕПАРАТИСТІК МАЗМҰН БЕЛГІЛЕРІН АЙҚЫНДАУ ӘДІСНАМАСЫ МЕН КРИТЕРИЙЛЕРІ



Акбарова Роза Амангельдиевна
сот-сараптамалық қызметі магистрі,
сот сарапшысы, «Тәуелсіз сот сараптамасы одағы» ЖШС директоры

Аңдатпа

Мақалада экстремистік, террористік немесе сепаратистік мазмұн белгілері бар цифрлық материалларды дінтанулық және саясаттанулық зерттеудің критерийлер жүйесі ұсынылған. Зерттеу нысаны вербалды, визуалды, аудиалды, аудиовизуалды және таңбалық-символдық, оның ішінде діни мазмұндағы компоненттерді қамтитын біртұтас құрылым ретінде қарастырылады. Әдістеме семиотикалық, дінтанулық және саясаттанулық тәсілдерді кешенді қолдануға негізделген. Эмпирикалық негізін сараптамалық тәжірибеден алынған, дербестендірілмеген (жеке деректері жойылған, бейтараптандырылған) материалдар құрап, олар төрт типологиялық топқа біріктірілген. Әдістемені сынақтан өткізу нәтижелері сараптамалық қорытындының жекелеген пікірді, бейнені немесе символды оқшау бағалауға емес, өзара байланысқан белгілердің жиынтығына негізделуі қажет екенін көрсетті.

Түйін сөздер: цифрлық материалдар, семиотикалық талдау, дінтанулық зерттеу, саясаттанулық зерттеу, мультимодальды талдау, символика, экстремизм, терроризм, сепаратизм, ақпараттық контекст.

Кіріспе

Қазіргі цифрлық коммуникация мәтін, бейне, дыбыс, бейнеқатар, символика және ақпаратты жеткізудің өзге де тәсілдерін біріктіретін материалдар арқылы жүзеге асырылады. Олардың мазмұны жекелеген элементтердің өзара байланысы мен жалпы бағыттылығы арқылы қалыптасады. Бұл мән-жай экстремистік, террористік немесе сепаратистік мазмұн белгілері бар материалдарға қатысты жүргізілетін дінтанулық және саясаттанулық зерттеулер барысында ерекше маңызға ие. Жекелеген ұранды, бейнені, туды немесе діни символды оқшау бағалау негізсіз қорытындыға әкелуі мүмкін, себебі бір ғана элемент ақпараттық, тарихи, мәдени, сәйкестендіруші, діни, саяси немесе идеологиялық қызмет атқаруы ықтимал.

Діни бейнелер мен айтылымдар осы мақалада зерттелетін объектінің ықтимал құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қарастырылады. Олардың материалда болуының өзі хабарламаның радикалды сипатын білдірмейді. Сараптамалық зерттеу барысында барлық элементтердің мазмұны, олардың өзара байланысының сипаты және солар қалыптастыратын идеялар жүйесі анықталады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы семиотикалық, дінтанулық және саясаттанулық тәсілдерді біріктіретін сараптамалық бағалаудың бірізді критерийлер жүйесін әзірлеуде болып табылады. Мақаланың мақсаты — аталған жүйені ғылыми тұрғыдан негіздеу және оны сараптамалық тәжірибеде анықталған типологиялық модельдер негізінде қолдану мүмкіндігін көрсету.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері

Семиотикалық тәсіл цифрлық материалды таңбалар жүйесі ретінде қарастырады, мұнда әрбір элементтің рөлі оның дербес мазмұнымен, құрылымдағы орнымен және басқа компоненттермен байланысы арқылы айқындалады. Әлеуметтік семиотика мен мультимодальды талдау қағидалары мәтінді, бейнені, дыбысты, композицияны және символиканы өзара байланыста кешенді зерттеудің теориялық негізін қалайды [1–6].

Дінтанулық тәсіл материалда діни терминдер, бейнелер, мәтіндер немесе діни атрибутика болған жағдайда қолданылады. Бұл тәсіл олардың шығу тегін, конфессиялық тиесілігін, сондай-ақ тиісті конфессияның діни ілімі мен ғұрыптық тәжірибесіндегі орнын анықтауға бағытталған. Мұндай талдау діни мазмұнның өзін нақты жағдайдағы қосымша идеологиялық қызметінен ажырату үшін қажет [7].

Саясаттанулық тәсіл саяси идеялар жүйесін, топаралық қарама-қарсылық тетіктерін, билікті, зорлық-зомбылықты, аумақтық оқшауланууды негіздеу немесе тыйым салынған ұйымдарды қолдау белгілерін анықтауға бағытталған. Терроризм мен саяси зорлық-зомбылық мәселелеріне арналған зерттеулер қарсылас бейнесін қалыптастыруда және белгілі бір әрекет ету тәсілдерін ақтауда символдық құралдардың маңызды рөл атқаратынын растайды [8–12].

Аталған үш тәсілді кешенді түрде қолдану жекелеген элементтерді сипаттаудан оларды материалдың жалпы құрылымындағы орны мен қызметін анықтауға көшуге мүмкіндік береді. Мұндай жүйелі әдіс жекелеген белгілерге ғана негізделген қорытындылар жасауға жол бермейді және сараптамалық зерттеудің ғылыми негізділігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді [13].

Цифрлық материалдарды зерттеу алгоритмі

Нысанды зерттеу → құрылымдық компоненттерді бөліп көрсету → олардың дербес мазмұнын анықтау → өзара байланысы мен ақпараттық контекстін талдау → идеялар жүйесін айқындау → кешенді бағалау → сараптамалық қорытындыны тұжырымдау.

Цифрлық материалдарды сараптамалық бағалау критерийлерінің жүйесі

Ұсынылып отырған жүйе өзара байланысты алты критерийді қамтиды.

1. Құрылымдық тұтастық критерийі мәтіндерді, бейнелерді, карталарды, туларды, эмблемаларды, музыкалық сүйемелдеуді, монтаж тәсілдерін және ақпаратты жеткізудің өзге де құралдарын қамтитын вербалды, визуалды, аудиалды, аудиовизуалды және таңбалық-символдық компоненттерді бөліп көрсетуді көздейді.

2. Мазмұндық сәйкестендіру критерийі әрбір элементтің шығу тегін және дербес мазмұнын анықтауға бағытталған. Материалда діни компоненттер болған жағдайда олардың конфессиялық тиесілігі мен тиісті діни дәстүрдегі маңызы айқындалады. Ал ұйымдық, мемлекеттік немесе саяси атрибутика қолданылған кезде оның қай құрылымға тиесілі екені және қоғамдық-саяси рөлі анықталады.

3. Ақпараттық контекст критерийі визуалды элементтің хабарламаның жалпы құрылымындағы орнын және оның басқа құрамдастармен байланыс сипатын айқындайды. Осы кезеңде оның бастапқы рөлін сақтай ма, әлде қосымша идеологиялық мазмұнға ие бола ма деген мәселе анықталады.

4. Идеологиялық өзара байланыс критерийі идеялардың жалпы жүйесін: топтық үстемдікті, діни, әлеуметтік немесе саяси топтарды жаулық тұрғыда қарама-қарсы қоюды, зорлық-зомбылықты ақтауды, мемлекеттік құрылымды өзгертуді, аумақтық оқшауланууды немесе тыйым салынған ұйымды қолдауды анықтау үшін қолданылады.

5. Функционалдық рөл критерийі әрбір визуалды компоненттің объект құрылымындағы мақсатын айқындайды. Бір ғана белгі ақпараттық, тарихи, мәдени, діни, сәйкестендіру, саяси немесе насихаттық мақсаттарда қолданылуы мүмкін.

6. Кешенді бағалау критерийі белгіленген белгілердің жиынтығына негізделген қорытынды тұжырымдауды талап етеді. Жеке алынған сөз, бейне, символ, карта немесе бейнежазба материалдың жалпы құрылымымен байланыссыз қорытынды жасауға жеткілікті негіз болып табылмайды.

Ұсынылған критерийлердің эмпирикалық базасы және апробациясы

Эмпирикалық негізді сараптамалық тәжірибеде қолданылған, ақпарат берудің екі немесе одан да көп тәсілін қамтитын иеліздендірілген цифрлық материалдар құрады. Зерттеу бірлігі ретінде жеке материал алынды, ал талдау бірліктері — оны құрайтын компоненттер болды. Қайталанатын белгілеріне қарай объектілер төрт типологиялық топқа біріктірілді: идеологиялық тұрғыдан негізделген контексте «шахада» формуласының қолданылуы; тыйым салынған ұйымдардың рәміздері; қасиетті бейнелерді қорлау мақсатында пайдалану және жауап ретінде зорлық-зомбылықты негіздеу; «өзіміз — бөтендер» топтық қарама-қарсылығын қалыптастыру.

Цифрлық материалдарда «шахада» формуласын қолдану

Бірінші топта шахада жалаулардың, қарулы тұлғалардың, қару-жарақтың бейнелерімен және күрес, билік, қарсыластар немесе белгілі бір қоғамдық-саяси тәртіпті орнату туралы мәлімдемелермен қатар қолданылған. Шахада ислам дінінің негізгі куәлігі болып табылады және өздігінен экстремистік немесе террористік идеяларды қамтымайды. Оны бейнеде, киімде немесе басқа да тасымалдаушы құралдарда орналастыру объектінің радикалды сипаты туралы қорытынды жасауға өздігінен жеткілікті негіз болмайды.

Идеологиялық рөл діни формуланың қарулы күресті оң бағалаумен, белгілі бір топтың ислам атынан сөйлеуге айрықша құқығын бекітумен, қолданыстағы тәртіпті теріске шығарумен немесе саяси мақсаттарға жету үшін зорлық-зомбылықты ақтаумен тұрақты байланысы болған жағдайда қалыптасады. Осындай үйлесімде шахада нақты бір идеялар жүйесін діни тұрғыдан негіздеу құралы ретінде пайдаланылады.

Цифрлық материалдарда тыйым салынған діни ұйымдардың рәміздерін қолдану

Қызметіне заңнамалық тәртіппен тыйым салынған ұйымның рәміздері нақты бірлестікпен және оның идеологиясымен тұрақты сәйкестендіру байланысына ие. Оны қолдау мәніндегі контексте, әсіресе ұрандармен, көшбасшылардың бейнелерімен, қарулы адамдардың суреттерімен, зорлық-зомбылық көріністерімен немесе қоғамдық құрылымды өзгертуге шақырулармен бірге мақсатты түрде пайдалану тиісті радикалды ұстанымдарды таратудың белгісі болып табылады.

Сонымен қатар жарияланымның мақсаты да ескеріледі. Мұндай рәміздерді ғылыми, тарихи, білім беру, анықтамалық немесе сыни сипаттағы материалдарда орналастыру тыйым салынған ұйымды қолдаумен теңестірілмейді. Ажырату ілеспе мәтінге, ұйым қызметіне берілген бағаға, визуалды қатардың сипатына және оның мақсаттары мен әрекет ету тәсілдерін қолдаудың бар-жоғына қарай жүргізіледі.

Діни бейнелерді қорлайтын контексте пайдалану және жауап ретінде зорлық-зомбылықты негіздеу

Үшінші топта діни бейнелер немесе құрметтелетін нысандар кемсітетін немесе қорлайтын контексте қолданылған, ал кейінгі жарияланымдарда зорлық-зомбылыққа негізделген жауапқа баға берілген. Мұндай жағдайларда бейнеге қатысты сын айтуды, наразылық білдіруді және діни құндылықтарды қорғаудың рұқсат етілген тәсілі ретінде зорлық-зомбылықты қолайлы әрекет деп көрсетуді бір-бірінен ажырату қажет. Қорытынды бейненің, оны сүйемелдейтін мәтіннің және жасалған әрекеттерге берілген бағалаудың өзара байланысы ескеріле отырып қалыптастырылады.

Цифрлық материалдарда «өзіміз — бөтендер» топтық қарама-қарсылығын қалыптастыру

Төртінші топқа мәтіндер, адамдардың бейнелері, карталар, жалаулар, діни, мемлекеттік және басқа да белгілер «өзіміз» бен «бөтендерді» қарама-қарсы қоюды қалыптастырған материалдар енгізілді. Бір тарап шынайылықпен, артықшылықпен және белгілі бір идеяларды білдіруге әрі тиісті әрекеттерді жасауға айрықша құқықпен байланыстырылса, екінші тарап жау, қауіпті немесе қоғам өміріне тең дәрежеде қатысу құқығы жоқ тарап ретінде көрсетілді.

Діни, этникалық, әлеуметтік немесе саяси топтарды ажыратудың өзі радикалды мазмұнды білдірмейді. Ол басқа тараптың тең мәртебесін үзілді-кесілді жоққа шығарған, бейбіт қатар өмір сүру мүмкіндігін жоққа шығарған және мәжбүрлеуді немесе зорлық-зомбылықты ақтаған жағдайда ғана осындай сипатқа ие болады. Вербалды және визуалды компоненттер қарсылас бейнесін қалыптастырады, ал рәміздер «өзіміз» тобының бірегейлігін бекітеді.

Апробация нәтижелерін талдау және қорыту

Апробация нәтижелері жеке алынған мәтіндік үзінді, бейне, рәміз, карта, түстік шешім, музыкалық сүйемелдеу немесе бейнежазба өздігінен диагностикалық тұрғыдан жеткілікті негіз болып табылмайтынын көрсетті. Негізгі анықтаушы факторлар — компоненттердің өзара үйлесімділігі, олардың жалпы идеялар жүйесіне бағыныстылығы, ұсынылған тараптарға берілген бағаның сипаты, саяси немесе діни-саяси мақсаттың болуы және белгілі бір әрекеттердің рұқсат етілген немесе қажетті ретінде көрсетілуі болып табылады.

Төрт топтың барлығында бірыңғай критерийлерді қолдану элементтің бастапқы мағынасын және оның нақты құрылым аясында иеленетін рөлін ажыратуға мүмкіндік берді. «Шахада» формуласы оның қарулы күресті негіздеу құралы ретінде қолданылуынан ажыратылды; тыйым салынған ұйымның рәміздері — ғылыми немесе сыни тұрғыда аталуынан; қорлайтын бейнені айыптау — жауап ретінде жасалатын зорлық-зомбылықты ақтаудан; топтық айырмашылық — бір тарапты екіншісінен оқшаулап, шеттететін қарама-қарсылықтан ажыратылды.

Алынған нәтижелер хабарламаның жүйелік сипаты туралы семиотика қағидаларымен [1–6], діни визуалды мәдениетті зерттеулермен [7] және саяси зорлық-зомбылықтағы әрі қарсылас бейнесін қалыптастырудағы рәміздердің рөлін ашатын еңбектермен [8–13] сәйкес келеді.

Әзірленген тәсілдің практикалық маңыздылығы оны дінтанулық немесе саясаттанулық зерттеулер жүргізу кезінде, сондай-ақ кешенді сараптамалар шеңберінде дербес қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Оны пайдалану зерттелетін объектінің мазмұнын, оның компоненттерінің орны мен өзара байланысын, ұсынылған идеялар жүйесін және материалдың жалпы бағыттылығын дәйекті түрде анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ретте сарапшы тиісті өндірісті жүргізетін органның құзыретіне жататын құқықтық саралауды алмастырмайды.

Қорытынды

Экстремистік, террористік немесе сепаратистік мазмұн белгілері бар цифрлық материалдар әртүрлі ақпарат ұсыну тәсілдері біртұтас құрылым қалыптастыратын күрделі объектілер болып табылады. Оларды бағалау кезінде әрбір элементтің дербес мазмұнын, оның хабарлама құрамына енгізілу тәсілін және жалпы идеялар жүйесімен байланысын ескеру қажет.

Вербалды, визуалды, аудиалды, аудиовизуалды және белгілік-рәміздік компоненттер, соның ішінде діни мазмұндағы элементтер, ақпараттық, тарихи, мәдени, сәйкестендіру немесе сыни мақсаттарда қолданылуы мүмкін, сондай-ақ топтық үстемдікті, аумақтық оқшауланды, қоғамдық тәртіпті күш қолдану арқылы өзгертуді және басқа топ өкілдеріне зиян келтіруді негіздеу мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

Ұсынылған критерийлер жүйесі объект құрылымын анықтаудан ғылыми негізделген сараптамалық қорытындыларды тұжырымдауға дәйекті түрде көшуге мүмкіндік береді. Оның апробациясы сараптамалық мәнге жеке бір белгі емес, өзара байланысты элементтердің тұрақты жиынтығы ие екенін көрсетті. Мұндай тәсіл дінтанулық және саясаттанулық зерттеулердің ғылыми негізділігін, жүйелілігін және қайта жаңғыртылу мүмкіндігін арттырады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Eco U. A Theory of Semiotics. Bloomington: Indiana University Press, 1976.

2. Lotman Y.M. Universe of the Mind: A Semiotic Theory of Culture. Bloomington: Indiana University Press, 1990.

3. Hodge R., Kress G. Social Semiotics. Cambridge: Polity Press, 1988.

4. van Leeuwen T. Introducing Social Semiotics. London: Routledge, 2005.

5. Kress G., van Leeuwen T. Reading Images: The Grammar of Visual Design. 3rd ed. London: Routledge, 2021.

6. Ledin P., Machin D. Introduction to Multimodal Analysis. 2nd ed. London: Bloomsbury Academic, 2020.

7. Morgan D. The Embodied Eye: Religious Visual Culture and the Social Life of Feeling. Berkeley: University of California Press, 2012.

8. Hoffman B. Inside Terrorism. 3rd ed. New York: Columbia University Press, 2017.

9. Juergensmeyer M. Terror in the Mind of God: The Global Rise of Religious Violence. 4th ed. Oakland: University of California Press, 2017.

10. Schmid A.P., ed. The Routledge Handbook of Terrorism Research. London: Routledge, 2011.

11. Wiktorowicz Q. Radical Islam Rising: Muslim Extremism in the West. Lanham: Rowman & Littlefield, 2005.

12. Crenshaw M. Explaining Terrorism: Causes, Processes and Consequences. London: Routledge, 2011.

13. Hall S., ed. Representation: Cultural Representations and Signifying Practices. London: Sage Publications, 1997.

14. Калыбекова Л., Ержан К. Теоретические и практические основы проведения религиоведческой экспертизы в Республике Казахстан // Вестник. Дінтану сериясы. 2023. Т. 36. № 4. С. 14–23.

МЕТОДОЛОГИЯ И КРИТЕРИИ РЕЛИГИОВЕДЧЕСКОГО И ПОЛИТОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ МАТЕРИАЛОВ С ПРИЗНАКАМИ ЭКСТРЕМИСТСКОГО, ТЕРРОРИСТИЧЕСКОГО И СЕПАРАТИСТСКОГО СОДЕРЖАНИЯ

Акбарова Роза Амангельдиевна
магистр судебно-экспертной деятельности,
судебный эксперт, директор ТОО
«Альянс независимой судебной экспертизы»

Аннотация

В статье предложена система критериев религиоведческого, а также политологического исследования цифровых материалов с признаками экстремистского, террористического либо сепаратистского содержания. Объект рассматривается как единая структура, включающая вербальные, визуальные, аудиальные, аудиовизуальные и знаково-символические компоненты, в том числе религиозного содержания. Методика основана на комплексном применении семиотического, религиоведческого и политологического подходов. Эмпирическую основу составили обезличенные материалы экспертной практики, объединенные в четыре типологические группы. Апробация показала, что экспертный вывод должен основываться на совокупности взаимосвязанных признаков, а не на изолированной оценке отдельного высказывания, изображения или символа.

Ключевые слова: цифровые материалы, семиотический анализ, религиоведческое исследование, политологическое исследование, мультимодальный анализ, символика, экстремизм, терроризм, сепаратизм, информационный контекст.

Введение

Современная цифровая коммуникация осуществляется посредством материалов, объединяющих текст, изображение, звук, видеоряд, символику и иные способы передачи информации. Их содержание формируется взаимосвязью отдельных элементов и их общей направленностью. Данное обстоятельство имеет принципиальное значение при производстве как религиоведческих, так и политологических исследований материалов с признаками экстремистского, террористического либо сепаратистского содержания. Изолированная оценка отдельного лозунга, изображения, флага или религиозного символа способна привести к необоснованному выводу, поскольку один и тот же элемент может выполнять информационную, историческую, культурную, идентификационную, религиозную, политическую либо идеологическую роль.

Религиозные образы и высказывания в настоящей статье рассматриваются как один из возможных компонентов исследуемого объекта. Сам факт их присутствия не свидетельствует о радикальном характере сообщения. Экспертному установлению подлежат содержание всех элементов, характер их взаимосвязи и формируемая ими система идей.

Научная новизна работы состоит в разработке последовательной системы критериев экспертной оценки, объединяющей семиотический, религиоведческий и политологический подходы. Цель статьи — обосновать указанную систему и показать ее применение на типологических моделях, выявленных в экспертной практике.

Теоретико-методологические основы исследования

- Семиотический подход рассматривает цифровой материал как знаковую систему, в которой роль элемента определяется его самостоятельным содержанием, местом в структуре и связью с другими компонентами. Положения социальной семиотики и мультимодального анализа создают основу для совместного изучения текста, изображения, звука, композиции и символики [1–6].

- Религиоведческий подход используется при наличии религиозных терминов, образов, текстов и атрибутики. Он направлен на установление их происхождения, конфессиональной принадлежности и места в вероучении и культовой практике соответствующей конфессии. Это необходимо для разграничения собственно религиозного содержания и дополнительной идеологической роли, возникающей в конкретном контексте [7].

- Политологический подход ориентирован на выявление системы политических идей, способов группового противопоставления, обоснования власти, насилия, территориального обособления или поддержки запрещенных организаций. Исследования терроризма и политического насилия подтверждают значение символических средств при формировании образа противника и оправдании определенных способов действий [8–12].

- Комплексное применение трех подходов позволяет перейти от описания отдельных элементов к установлению их места в общей структуре материала. Такая последовательность исключает выводы, основанные на единичных признаках, и обеспечивает научную обоснованность и объективность экспертного исследования [14].

Алгоритм исследования цифровых материалов

Исследование объекта → выделение структурных компонентов → установление их самостоятельного содержания → анализ взаимосвязи и информационного контекста → выявление системы идей → комплексная оценка → формулирование вывода.

Система критериев экспертной оценки цифровых материалов

Предлагаемая система включает шесть взаимосвязанных критериев.

1. Критерий структурной целостности предусматривает выделение вербальных, визуальных, аудиальных, аудиовизуальных и знаково-символических компонентов: текста, изображений, карт, флагов, эмблем, музыкального сопровождения, монтажных приемов и иных средств передачи информации.

2. Критерий содержательной идентификации направлен на установление происхождения и самостоятельного содержания каждого элемента. При наличии религиозных компонентов определяются их конфессиональная принадлежность и значение в соответствующей традиции; при использовании организационной, государственной или политической атрибутики — ее принадлежность и общественно-политическая роль.

3. Критерий информационного контекста устанавливает место визуального элемента в общей последовательности сообщения и характер его связи с другими компонентами. На этом этапе определяется, сохраняет ли он первоначальную роль либо приобретает дополнительное идеологическое содержание.

4. Критерий идеологической взаимосвязи применяется для выявления общей системы идей: группового превосходства, враждебного противопоставления религиозных, социальных или политических групп, допустимости насилия, изменения государственного устройства, территориального обособления или поддержки запрещенной организации.

5. Критерий функциональной роли определяет назначение каждого визуального компонента в структуре объекта. Один и тот же знак может использоваться в информационных, исторических, культурных, религиозных, идентификационных, политических или пропагандистских целях.

6. Критерий комплексной оценки требует формулировать вывод по совокупности установленных признаков. Отдельное слово, изображение, символ, карта или видеозапись не образуют достаточного основания для вывода вне связи с общей структурой материала.

Эмпирическая база и апробация предложенных критериев

Эмпирическую основу составили обезличенные цифровые материалы экспертной практики, включавшие два и более способа передачи информации. Единицей исследования выступал отдельный материал, единицами анализа — составляющие его компоненты. По повторяющимся признакам объекты были объединены в четыре типологические группы: использование формулы «шахады» в идеологически обусловленном контексте; символика запрещенных организаций; оскорбительное использование сакральных образов и обоснование ответного насилия; формирование групповой оппозиции «свои — чужие».

Использование формулы «шахады» в цифровых материалах

В первой группе шахада сочеталась с изображениями флагов, вооруженных лиц, оружия и высказываниями о борьбе, власти, противниках или установлении определенного общественно-политического порядка. Шахада является основополагающим свидетельством исламской веры и сама по себе не содержит экстремистских либо террористических идей. Ее размещение на изображении, одежде или ином носителе не служит самостоятельным основанием для вывода о радикальном характере объекта.

Идеологическая роль возникает при устойчивой связи религиозной формулы с положительной оценкой вооруженной борьбы, утверждением исключительного права определенной группы выступать от имени ислама, отрицанием существующего порядка или оправданием насилия ради политических целей. В таком сочетании шахада используется для религиозного обоснования конкретной системы идей.

Использование символики запрещенных религиозных организаций в цифровых материалах

Символика организации, деятельность которой запрещена в законодательном порядке, обладает устойчивой идентификационной связью с конкретным объединением и его идеологией. Ее целенаправленное использование в поддерживающем контексте, особенно совместно с лозунгами, изображениями лидеров, вооруженных лиц, сценами насилия или призывами к изменению общественного устройства, является признаком распространения соответствующих радикальных установок.

Одновременно учитывается цель публикации. Размещение такой символики в научном, историческом, образовательном, справочном или критическом материале не тождественно поддержке запрещенной организации. Разграничение производится по сопровождающему тексту, оценке деятельности объединения, характеру визуального ряда и наличию одобрения его целей либо способов действий.

Использование религиозных образов в оскорбительном контексте и обоснование ответного насилия

В третьей группе религиозные образы или объекты почитания использовались в уничижительном либо оскорбительном контексте, а последующие публикации содержали оценку насильственного ответа.

В подобных случаях необходимо разграничивать критику изображения, выражение возмущения и представление насилия как допустимого способа защиты религиозных ценностей. Вывод формируется с учетом взаимосвязи изображения, сопровождающего текста и оценки совершенных действий.

Конструирование групповой оппозиции «свои — чужие» в цифровых материалах

Четвертая группа включала материалы, в которых тексты, изображения людей, карты, флаги, религиозные, государственные и другие знаки формировали противопоставление «своих» и «чужих». Одна сторона связывалась с истинностью, превосходством и исключительным правом на выражение определенных идей и совершение соответствующих действий, другая представлялась враждебной, опасной или не имеющей права на равное участие в жизни общества.

Само разграничение религиозных, этнических, социальных либо политических групп не образует радикального содержания. Оно приобретает такой характер при категоричном отрицании равного статуса другой стороны, исключении возможности мирного сосуществования и оправдании принуждения или насилия. Вербальные и визуальные компоненты формируют образ противника, тогда как символика закрепляет идентичность группы «своих».

Анализ и обобщение результатов апробации

Апробация показала, что отдельный текстовый фрагмент, изображение, символ, карта, цветовое решение, музыкальное сопровождение или видеозапись не обладают самостоятельной диагностической достаточностью. Определяющими являются согласованность компонентов, их подчиненность общей системе идей, характер оценки представленных сторон, наличие политической либо религиозно-политической цели и представление определенных действий как допустимых или необходимых.

Во всех четырех группах применение единых критериев обеспечило разграничение исходного значения элемента и роли, приобретаемой в конкретной структуре. Формула «шахады» отделялась от ее использования для обоснования вооруженной борьбы; символика запрещенной организации — от научного или критического упоминания; осуждение оскорбительного изображения — от оправдания ответного насилия; групповое различие — от исключающего противопоставления.

Полученные результаты согласуются с положениями семиотики о системном характере сообщения [1–6], исследованиями религиозной визуальной культуры [7] и работами, раскрывающими роль символов в политическом насилии и конструировании противника [8–13].

Практическая значимость разработанного подхода заключается в возможности его самостоятельного применения при производстве религиоведческих или политологических исследований, а также в рамках комплексных экспертиз. Его использование обеспечивает последовательное установление содержания исследуемого объекта, места и взаимосвязи его компонентов, представленной системы идей и общей направленности материала. При этом эксперт не подменяет правовую квалификацию, относящуюся к компетенции органа, ведущего соответствующее производство.

Заключение

Цифровые материалы с признаками экстремистского, террористического либо сепаратистского содержания представляют собой сложные объекты, в которых различные способы передачи информации образуют единую структуру. Ее оценка требует учитывать самостоятельное содержание каждого элемента, способ его включения в сообщение и связь с общей системой идей.

Вербальные, визуальные, аудиальные, аудиовизуальные и знаково-символические компоненты, в том числе религиозного содержания, могут использоваться в информационных, исторических, культурных, идентификационных или критических целях либо включаться в обоснование группового превосходства, территориального обособления, насильственного изменения общественного порядка и причинения вреда представителям других групп.

Предложенная система критериев обеспечивает последовательный переход от установления структуры объекта к формулированию научно обоснованных экспертных выводов. Ее апробация подтвердила, что экспертное значение имеет не единичный признак, а устойчивая совокупность взаимосвязанных элементов. Такой подход повышает научную обоснованность, последовательность и воспроизводимость религиоведческих и политологических исследований.

Список использованных источников

1. Eco U. A Theory of Semiotics. Bloomington: Indiana University Press, 1976.

2. Lotman Y.M. Universe of the Mind: A Semiotic Theory of Culture. Bloomington: Indiana University Press, 1990.

3. Hodge R., Kress G. Social Semiotics. Cambridge: Polity Press, 1988.

4. van Leeuwen T. Introducing Social Semiotics. London: Routledge, 2005.

5. Kress G., van Leeuwen T. Reading Images: The Grammar of Visual Design. 3rd ed. London: Routledge, 2021.

6. Ledin P., Machin D. Introduction to Multimodal Analysis. 2nd ed. London: Bloomsbury Academic, 2020.

7. Morgan D. The Embodied Eye: Religious Visual Culture and the Social Life of Feeling. Berkeley: University of California Press, 2012.

8. Hoffman B. Inside Terrorism. 3rd ed. New York: Columbia University Press, 2017.

9. Juergensmeyer M. Terror in the Mind of God: The Global Rise of Religious Violence. 4th ed. Oakland: University of California Press, 2017.

10. Schmid A.P., ed. The Routledge Handbook of Terrorism Research. London: Routledge, 2011.

11. Wiktorowicz Q. Radical Islam Rising: Muslim Extremism in the West. Lanham: Rowman & Littlefield, 2005.

12. Crenshaw M. Explaining Terrorism: Causes, Processes and Consequences. London: Routledge, 2011.

13. Hall S., ed. Representation: Cultural Representations and Signifying Practices. London: Sage Publications, 1997.

14. Калыбекова Л., Ержан К. Теоретические и практические основы проведения религиоведческой экспертизы в Республике Казахстан // Вестник. Серия религиоведения. 2023. Т. 36. № 4. С. 14–23.